

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 174 "Конго-қырым қанды қызбасының алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар туралы" қаулысының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 129 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 мамырда № 4109 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 174 "Конго – қырым қанды қызбасының алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2025 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 сәуірде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялануына жолдануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Д.А.Сатыбалды

Ә.Е.Тұрғымбеков

Ж.Қ.Бөкенбаев

Б.С.Жамалов

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

А.С.Сәбитов

К.Н.Мендебаев

